

2023 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 178 қаулысы. Күші жойылды - Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 18 қазандағы № 160 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 18.10.2023 № 160 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9–бабының 8) тармақшасына, "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы №412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Кеген ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде 1–қосымшаға сәйкес, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан ұйымдар үшін ұйым жұмыскерлерінің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде 2–қосымшаға сәйкес, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

3. Кеген ауданының әкімдігінің қаулыларының күші жойылған болып танылсын:

1) "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2022 жылғы 15 ақпандағы № 27 Кеген ауданының әкімдігінің қаулысы;

2) "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2022 жылғы 15 ақпандағы № 28 Кеген ауданының әкімдігінің қаулысы;

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қабылбеков Кенес Кунесбаевичке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Байедилов

Кеген ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 24 қараша "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" № 178 қаулысына 1-қосымша

Рет саны	Мекеме, кәсіпорын атауы	Белгіленген квота саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің орташа тізімдік санынан пайызы)	Бөлінген квота саны (адам)
1	" Алматы облысының ветеринария басқармасы" ММ - нің шаруашылық жүргізу құқығындағы Ветеринариялық пунктері бар Кеген ауданының ветеринариялық станциясы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	105	2 %	2
2	"Кеген аудан әкімдігінің аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	92	2 %	2
	Барлығы:	197		4

Кеген ауданының әкімдігінің 2022 жылғы 24 қараша "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" №178 қаулысына 2-қосымша

			Квота мөлшері (қызметкерлердің	
--	--	--	---------------------------------	--

Рет саны	Мекеме, кәсіпорын атауы	Белгіленген квота саны (адам)	орташа тізімдік санынан пайызы	Бөлінген квота саны (адам)
1	"Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Кеген орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	83	2 %	2
	Барлығы:	83		2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК